

А.К. Жолдас^{1*}, М.Гиритлиоглу¹, Ж.Е.Турекулова²

¹Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік Университеті
Түркістан қ., 161205, Қазақстан Республикасы

² М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті
Шымкент қ., 160012, Қазақстан Республикасы

*e-mail: asylxan.zholdas@inbox.ru

ТАШКЕНТ ҚАЛАСЫНДАҒЫ АҒАРТУ МЕКЕМЕЛЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ ТАРИХНАМАСЫ

Андатпа

Мақалада Ташкент қаласындағы ағарту мекемелері және олардың атқарған қызметтері айқындалады. Сонымен қатар аталған ағарту мекемелерінің жұмысы, маңыздылығына қатысты жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстары да, жарық көрген іргелі еңбектер де анықталып, талданады. Зерттеудің мақсаты кеңестік ағарту жүйесін қалыптастыру кезеңінде Ташкент қаласындағы білім беру мекемелерінің қалыптасуы мен жұмыс істеу процесін талдау, олардың функциялары мен қызмет ерекшеліктерін анықтау, сондай-ақ әлеуметтік-саяси қайта құрулар мен дәстүрлі оқыту нысандарының өзгеруін ескере отырып, білім беру саласын ұйымдастыру мен дамытудағы халық ағарту комиссариатының рөлін анықтау болып табылады. Қазан революциясынан кейін Ташкент қаласында зайырлы білім беру жүйесі белсенді түрде енгізіле бастаған болатын. Зайырлы білім жүйесінің енгізілуі барысында жергілікті ұлттың мүддесі мен қызығушылықтары ескерілмеген. Өйткені осыған дейін қызмет етіп келген мектеп-медреселер жаппай жабыла бастады. Мұндай оқу орындары діни білім беруге бағытталған деген болатын. Сондай-ақ орыс-түземдік мектептер де өз жұмысын тоқтатты. Олардың орнына зайырлы білім беру жүйесіне сай келетін жаңа үлгідегі мектептер ашыла бастады. Осы бағыттағы жұмыстардың жүйелі жүруіне жаңадан құрылған Халық ағарту комиссариатының маңызы өте жоғары болды. Халық ағарту комиссариаты білім беру мекемелерінің жұмысын қалыптастырып қана қоймай, олардың қызметінің белсенді жүруіне де жағдай жасады. Ол үшін де түрлі бағыттағы комиссариаттармен тығыз байланыстар орнатып, олардың жұмысын да бір мақсатқа жұмылдыра алды. Нәтижесінде жаңа оқу ғимараттарын салу, мектеп-интернат жұмыстарын іске қосу, оқулықтармен қамтамасыз ету, мектеп ғимараттарының материалдық-техникалық тұрғыдан қолдау жұмыстары белсенді жүрді. Осы мәселелердің зерттелу тарихнамасына баға беріледі.

Негізгі сөздер: Халық ағарту комиссариаты, мектеп, оқулық, қаражат, мұғалім, Ташкент, Түркістан өлкесі.

Кіріспе

Ташкент қаласы орналасқан Орталық Азия өңірі ежелден-ақ білім мен мәдениеттің ірі ошағы болды. XX ғасырға дейін Ташкент пен оның айналасындағы қалаларда білім және ағартушылық идеялары ислам дінінің қағидалары негізінде жүзеге асты. Қазіргі Өзбекстан Республикасының аумағында ортағасырларды ірі дін ғұламалары өмір сүрді және олардың діни-рухани мұралары ұрпақтан-ұрпаққа дамып жетіп отырды. Ағартушылықтың негізгі ошағы медреселер саналды. Медреселерде балалар құран ілімі мен араб тілінен дәрістер алды және сауаттарына қарай діни дәрежелерге қол жеткізді. Мысалы XX ғасырдың басына дейін Ташкент және жақын басқа қалаларда медреселердің 3 түрі қызмет етті: 1. Бастауыш. 2. Орта. 3. Жоғары. Әр оқу сатыларының бір-бірінен айырмашылықтары болды.

1865 жылы Ташкент қаласы Ресей империясының әскерімен жауланып алынды және қоғамдық ахуалы өзгерістерге ұшырады. Патша әкімшілігі қалада ағартушылық инспекторлығын құрды және білім қызметін бақылауға алуға ұмтылды. Бірақ, мұсылмандық білім беру ошақтарының қызметіне кедерге жасамау ұстанымын бетке алды. Себебі, жергілікті халықтың наразылығынан сескенгендігін зерттеушілер мойындайды [1]. XX ғасырдың басында Ташкентте мектептер мен медреселер бірдей деңгейде қызметтер атқарды. Олардың оқыту әдістемесі мен бағдарламасында аздаған өзгерістер болды.

Мектептер жәдиттік және орыс түзем мектептерінің үлгісіне сәйкес география, математика, тарих сабақтарын оқыта бастады. Жәдиттік білім беру әдісі барлық мектептерге терең енді деп айтуға негіз жоқ. Бірақ, бірқатар мұсылман балаларын оқытатын мектептер жәдиттік білім беру әдістерін қолданды. Ал, орыс-түзем мектептерінің саны аз болды және оларда патша әкімшілігінің қызметкерлерінің, орыс қоныстанушыларының балалары білім алды.

XX ғасырдың басында Сырдария облысының ғана емес Дала өлкесі, Орынбор секілді алыс өлкелердің қазақтары үшін Ташкенттегі діни медреселерден білім алу үлкен мәртебе саналды. Барақ хан, Көкелташ, Қожа Ахрар, Юнусхан сынды медреселердің діни-рухани тамыры терең саналды және оларға алыс-жақын өлкелердің тұрғындары балаларын оқытуға тырысты. Жоғарыда аталған медреселерді аяқтаған түлектер аймақтарға танымал имамдар, ишандар, мұғалімдер, қарилар болып қалыптасты.

1917 жылғы Ақпан және Қазан революциялары Ташкенттің білім беру ахуалына ықпалын тигізбей қоймады. Қазан революциясынан соң билікке большевиктер партиясы келді және мәдени түбегейлі өзгерістер жасады. Білім саласын реформалау большевиктердің басты мақсаттарының біріне айналды. Білім жүйесі арқылы жас ұрпақтың санасына кеңестік идеологияның қағидаларын енгізудің тиімділігін большевиктер билігі жақсы ұғынды. Бірақ, сан ғасырлардан бері сабақтастық тауып келе жатқан дәстүрлі білім берудің шарттарын өзгерту қиынғы соқты. Большевиктер білім реформаларын 1920 жылдардың ортасына таман ашық жүргізе бастады. 1918-1920 жылдардағы Азамат соғыстары Түркістан өлкесінің кейінгі Түркістан АКСР-нің астанасы Ташкенттегі ағартушылық жүйенің мазмұнына әсер етпеді.

Большевиктер билікке келген қазан революциясынан кейін білім саласын реттеп, зайырлы білім беру жүйесін енгізу мақсатында Үкімет қаулысымен Халық ағарту ісі бойынша мемлекеттік комиссияны құрды. Халық ағарту ісі бойынша мемлекеттік комиссия уақыт өте Халық ағарту комиссариаты деп аталды және өзіндік мәртебеге ие болды [2]. 1917 жылы аталған мемлекеттік комиссия «Халыққа үндеу» жариялады. Үндеуде зайырлы білім беру қолға алынатыны және оның негіздері айқындалды. Тұрғындар арасында міндетті тегін білім беру сияқты өзекті мәселелер көтерілді.

1918 жылдың шілде айында Ағарту халық комиссариаты жанынан ашылатын болашақ ұлттық секцияның құзіреттіліктері айқындалды. Ағарту халық комиссариаты жанындағы ұлттық секция жекелеген ұлттардың арасындағы ағарту істері, мектептерді қаржыландыру, қабылданған қаулылар мен декреттердің негізінде мектептен тыс білім беру мекемелерінің жұмыстарын ұйымдастыру сынды мәселелермен айналысты. 1918 жылдың 28 қыркүйек айында Ағарту халық комиссариаты жанындағы мектеп саясаты бөліміне орыс емес халықтар арасында мектеп жұмыстарын ұйымдастыру өкілеттілігі берілді. Ресей жерін мекен еткен барлық халықтардың өз тілінде білім алу мүмкіндіктері мақұлданды. 1918 жылдың 29 қыркүйегінде Ағарту халық комиссариаты азшылықты құрайтын ұлттардың ағарту бөлімін ашты. Мұндай ағарту бөлімдері мен мекемелері Ташкент қаласында да ашылып, өз жұмысын бастады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Мақала барысында Ташкент қаласында ашылған ағарту мекемелерінің жұмысын айқындайтын ғылыми-зерттеу жұмыстары, іргелі еңбектер барынша пайдаланылды. Сонымен қатар аталған еңбектердегі тұжырымды ой-пікірлер басшылыққа алынды. Салыстырмалы талдау арқылы шынайылығы жоғары нәтижелерге қол жеткізіліп, мәселені жан-жақты кешенді түрде қарастыруға мүмкіндіктер туындады.

Мақалада тарих ғылымымен қатар қоғамдық ғылым салаларына белгілі бірқатар әдістер қолданысқа ие болды. Мәселеге қатысты материалдардың үлкен бөлігі архив құжаттары болып табылады. Құжаттардағы мәліметтерді өзара салыстырмалы талдап, мәселенің жан-жақты ашылуына көңіл бөлінді. Басшылыққа алынған принциптердің бірі объективтілік болды. Мәселенің шынайы сипатталуына мән бере отырып, нақты

тұжырымдар жасалды. Әрине біз кез-келген деректердің әлеуметтік табиғатына ерекше мән бердік. Өйткені көптеген деректер коммунисттік идеология үстемдік етіп тұрған тарихи кезеңде пайда болған. Мұндай деректерді сыни талдай отырып, жасырын мәліметтерді де табуға әрекеттер жасалды.

Нәтижелер және оларды талқылау

Сырдария облысының ғана емес Түркістан өлкесінің орталығы қызметін атқарған Ташкентте зайырлы мектептердің ашылуы ХХ ғасырдың басында жолға қойыла бастады [3]. 1901 жылы 3 сәуірде Ташкентте Маннон Кори Абдулваххобов ұйымдастырған сауаттылық мектебі ашылды. Ташкент қаласының маңындағы шағын қалаларда 10 жуық оқу мектебі құрылды. Онда 100 шамалас оқушы оқыды. 1900-1904 жылдары жергілікті дін қайраткерлерінің бастамасымен Ташкент қаласында 3 жаңа мектеп ашылды. Оларда барлығы 385-ке жуық бала оқыды. Бұл мектептерде оқу үш жылға дейін созылды, ал дайындық курстары қосымша жүргізілді. Мұғалімдер арнайы курстар мен осындай мектептердің түлектері есебінен құрылды.

Кеңестік дәуірге дейінгі Ташкент қаласындағы мектептер мен медреселердің қаржыландыру көзі вакфтық жүйе арқылы іске асып отырды. Бірақ, білім ошақтарындағы тәртіп пен ұйымдастырылу жүйесі бойынша мәселелерге жергілікті билік араласып отырды. Билік іске тез аса қауырт жағдайларда ғана араласып отырды. Негізінен медреселердің қаржыландыру, оқу материалдарымен қамтамасыз етілу шаруалары вакфтық және қалталы азаматтардың демеушілігі арқасында жүзеге асқандығын көреміз.

Медреселерді қаржыландыру тұрғысында вакфтық үлестерге таластар жүріп отырды. Ол кездері тартысушы тараптар жергілікті патша билік өкілдеріне назар аударып отырды. Бірақ, отаршылдық пиғылдағы патша әкімшілігі жергілікті мұсылман тұрғындарының мәселелерін оңтайлы, ұтымды шешудің орнына одан әрі ушықтыру әдісін көздеп отырғандығын зерттеушілер алға тартады [4]. Талас-тартыстардың басым көпшілігі тозығы жеткен оқыту ғимараттарын жөндеу жұмыстарына бөлінетін қаржы айналасында өрбіді.

Ташкент қаласындағы мектеп пен медреселердегі білім алушылардың саны жылдан-жылға артып отырғандығын көреміз. Бұған себеп қаланың Түркістан өлкесінің орталығы болып мәртебе алуы және көшпелі-отырықшы мәдени аймақтардың тоғысында орналасқан географиялық орналасуы ықпал жасады. Қалаға отырықшы және көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын аудандардың балалары білім алуға үздіксіз келіп жатты. Бұл қаланың халық санының артуына ғана емес, әлеуметтік-экономикалық әртараптануына қолайлы әсер етті.

1903 жылы ашылған Орынбор-Ташкент теміржолының іске қосылуы қаланың еуропалық Ресеймен қарым-қатынасына сауда-экономикалық қана емес, білім-мәдени тұрғыда ықпалдарын тигізді. Бұл факторлардың барлығы кейінгі қаланың даму бейнесінде анық көрініс тапты.

Вакфтық қаржыны медресе мен мектептерді жөндеуге бөлу үдерістері жұмыстарында қарама-қайшылықтардың туындауы заңдылық саналады. Бұл ретте медреседегі дін ұстаздары молдалар мен мүддеристердің атақ-дәрежелі басым есеріліп отырды. Соған байланысты вакфтық қаржылар бөлініп отырды. Вакфтық жүйе 1917 жылдан соң әлсірей бастады. 1917 жылдың қазақ төңкерісінен соңғы оқиғалар барысы Ташкенттің ағартушылық саласына тың өзгерістер алып келді. Билік басына келген большевиктер үкіметі зайырлы білім жүйесіне толықтай өтуді басты мақсаттары етіп таңдады. Мәскеудегі қызылдар үкіметінің орталық билігі білім алудың жаппай міндеткерлігі, әйелдердің білімге қолжетімділігі сияқты көптеген жаңа қаулыларды енгізді.

Әрине, Мәскеу мен Петроградтағы қабылданған большевиктік декреттердің дені бірден іске асып кете алмады. Бірақ, Ташкентте құрылған Түркістан автономиялық кеңестік социалистік республикасы большевиктік идеологияның қағидаларын біртіндеп жүзеге асыруға талпынды.

Жоғарыда аталған мәселелердің байыбына жету үшін орталық Мәскеуде қабылданған кеңестік білім заңдарының мәні мен мазмұнына аздап зер салу қажет. 1918 жылдың өзінде халықтарды туған тілінде оқыту, ұлттық мәденетті дамыту мәселелері бойынша білім саласы қызметкерлерінің жиырмадан астам бас қосуы болып өтті [1. – 35]. 1918 жылдың 30 қыркүйегінде Орталық атқару комитет «Бірыңғай еңбек мектептері туралы» қаулы қабылдады. Бастауыш және орта білім беру жүйесінің дамуында 1918 жылдың 16 қазанында қабылданған «Бірыңғай еңбек мектебі» туралы Ережесінің маңызы жоғары. Ережеде зайырлы білім берудің басты принциптері айқындалды. Ақысыз білім алу, ұлдар мен қыз балаларды бірге оқыту, оқушыны жазалауға тыйым салу, мектептің өзін-өзі басқаруына мүмкіндіктер беру сияқты принциптер басшылыққа алынды. Қаулыға сай білім беру саласында екі сатылы оқыту жүйесі енгізілді. Бірінші саты бесжылдық білім деп аталды. Бірінші сатыға 8-13 жастағы балалар оқуға тартылса, екінші саты төртжылдық деп аталды. Екінші сатыдағы білім беру жүйесіне 13-17 жас аралығындағы балалар қамтылды.

I сатыдағы мектептің міндеті оқушының қоршаған орта мен қалыптасқан мәдени даму ерекшеліктеріне сай болуды үйретеді. I сатылы мектептер балалардың негізгі білім дағдылары мен біліктілікті үйретуді мақсат етеді. Балалардың өзін-өзі жетілдіруге деген қабілеттіліктері де I сатылы мектеп жағдайында жүзеге асады. РКФСР-дің әлеуметтік тәрбие жоспарына сай I сатыдағы мектептің бұл міндеттері төрт жылдың ішінде жүзеге асуы тиіс болды. Төрт жылдық білім бастауыш және орта білім беру жүйесі мен жалпы мектеп құрылысының ең негізгі кезеңі саналды. I сатыдағы мектептерді бес жыл мерзімге дейін ұзарту туралы ұсыныстар да болды. Мұндай ұсыныстар ауылды жерлердегі балалардың таным деңгейінің төмендігіне байланысты туындады. Қалалы жерлермен салыстырғанда ауыл және көшпелі халықтардың балалары зияткерлік даму жағынан артта деген пікір басымдылыққа ие болды. Артта қалған халықтардың балаларының таным деңгейі тек білікті мұғалімдердің ғана емес, оқу мерзімінің бір жылға ұзартылуымен де жүзеге асады деп саналды. Бес жылдық бастауыш білім беру қосымша қаражатты талап етті. Қаржы тапшылығы, материалдық жағдайдың қиындығы бес жылдық білім беру жүйесінің орындалуына кедергісін келтірді [5].

Мұғалімдердің біліктілігінің төмендігі, мектеп ғимараттарының жетіспеушілігі Түркістан өлкесі және Қазақстан аумағында алғашында ана тілінде оқытылатын екі жылдық және үш жылдық мектептер ашу ісі қолға алынды. Екі және үш жылдық оқу түрі аяқталған бастауыш біліміне жатпады. I сатыдағы аяқталған төрт немесе бес жылдық бастауыш білім берудің бір кезеңі ретінде сипатталды. Сол жылдардағы білім беру саласына жауапты мамандардың барлығы да оқушылардың толыққанды білім алуы үшін бес жылдық мерзімнің тиімділігін атап өтті. Екі жылдық және үш жылдық білім беру мерзімінде көшпелі халықтардың балалары толыққанды бастауыш білім мазмұнына ие болмайтыны түсінікті еді.

Түркістандағы бастауыш және орта білім беру жүйесінің өзіндік ерекшеліктері болды. Ресейдің орталық аудандарымен салыстырғанда Орталық Азия жеріндегі бастауыш және орта білім беру ісінде мектеп-интернаттар жұмысына үлкен қажеттілік болды. Тұрақты мектептердің жұмысы қала, өнеркәсіп орталықтары мен аудан көлемінде белсенді жүрді. Өзге аймақтар үшін мектеп-интернаттарсыз бастауыш және орта білім беру жүйесін дамыту мүмкін емес. Шаруашылық ерекшеліктерге байланысты мектеп-интернат желісін көбейту басты мәселе болып қала берді [6].

1918 жылдың 31 қазан айында «Ұлттық азшылықты құрайтын халықтардың мектебі туралы» атты РКФСР Ағарту халық комиссариатының қаулысы шықты. Қаулыда РКФСР жерін мекен еткен әр ұлт өз тілінде білім беру ісін ұйымдастыруға құқылы екендігі айтылды. Азшылықты құрайтын ұлттардың мектептері тұрғындар көптеп орналасқан жерлерде ашылу керектігіне назар аударылды. Мәдени алмасуларды сәтті жүзеге асыру

үшін азшылықты құрайтын ұлттардың мектептерінде оқу үдерісі көпшілікті құрайтын халықтың тілінде жүруі тиіс болды. Азшылықты құрайтын ұлттардың мектептері мемлекеттік мекеме болғандықтан олардың ішкі тәртіптері «Бірыңғай еңбек мектептері туралы ережеге» негізделді. Барлық мектептерін басқару ісі Ағарту халық комиссариаты, облыстық, губерниялық Халыққа білім беру бөлімдеріне жүктелді [7].

Жоғарыда аталған қаулылардың әкімшілік күші Ташкент қаласындағы білім беру жүйесінің ахуалына да жанама әсер етті. Бірақ, осы тұста Мәскеуде қабылданып жатқан ағартушылық туралы қаулылардың қиырдағы өлкелерге жетуі және жедел арада іске асып кетуі байланыс құралдарының әлсіздігіне байланысты қиындық туғызғандығын болжаған жөн. Сонымен бірге, 1918 жылдың жазында басталған Азамат соғысының ұшқындары Орталық Азияға да келіп жеткен болатын. Азамат соғысы Ресеймен салыстырғанда Орталық Азия қалаларында біршама бейбіт жүргендігін мойындай кеткен дұрыс.

1918 жылы Түркістан АКСР саяси билігінің қолдауымен және Түркістан өлкесіндегі зиялы қауымның бастамасымен Ташкентте университет ашылды. Басында Түркістандағы кеңес билігі жеке жоғары оқу орнын, жергілікті зиялы қауым арнайы ЖОО-нын құруды көздеді. Кейіннен, екі тарапты күшті біріктіруге келісті. Осылайша Орталық Азиядағы алғашқы ЖОО-ның негізін қалаудың мүмкіндігі туды. Оны Ташкент халық университеті деп атады. Азамат соғысына байланысты Ташкент қаласының еуропалық Ресеймен байланыстары үзілген болатын. Атаман А.И. Дутов жетекшілігіндегі ақ гвардия әскері Орынборды басып алуға қауіп төндірді.

Жаңадан ашылып жатқан университетті жүргізуге оқу материалдары мен кадрлар тапшы болды. Осыны шешу мақсатында 1918 жылдың сәуір айында Ташкенттен арнайы делегация Мәскеуге аттанды. Арнайы делегацияның негізгі мақсаты орталық кеңес үкіметінен қолдау табу және тиісті оқыту материалдарын алып келу болды. Делегацияның құрылуы мен мақсатарының іске асуына бұрынғы патша дәуіріндегі ағартушылар үлкен үлес қосты. Олардың арасында Н.Г. Маллицкий, Н.П. Остроумов, В.Ф. Ошанин, Н.С. Лыкошин секілді ғалымдар мен зерттеушілер болды.

Делегация 1918 жылдың көктемінде Мәскеуде қызмет атқарды және РКФСР Халкомкеңесі мен РКФСР Халық ағарту комиссариатымен ұтымды келіссөздер жүргізді. Жоғарыда аталған РКФСР билік органдары Түркістанда ашылып жатқан университетті техникалық-материалдық және әдебиеттермен қамтамасыз етуді қолдайтындығын білдірді. Осылайша Мәскеудегі РКФСР Халық ағарту комиссариатының ішінен Ташкентте ашылған ЖОО жабдықтармен және ғылыми әдебиеттермен жәрдемдесу бойынша комитет құрылды. Ол комитет құрамына Мәскеу университетінің профессоры В.В. Стратонов та енді.

Алайда жоғарыда аталып өткен тапсырмаларды Мәскеу мен Ташкенттегі тиісті ұйымдар 1919 жылдың соңына дейін жалғастыра алмады. 1918 жылдың жазында атаман А.И. Дутов бастаған ақ гвардия әскерлері басып алды және Орынбор-Ташкент теміржолын қиып тастады. Бұл саяси-әскери құбылыс 1919 жылдың соңына дейін жалғасты. 1920 жылы қызыл әскерлердің жеңісі бұрынғы Ресей империясының барлық өлкелерінде көрініс таба бастады. Түркістанда қызыл үкіметтің билігі нығайды және орталық Мәскеумен байланыстар ұлғаю түсті. 1920 жылы Мәскеуден Ташкентке университетті тиісті жабдықтармен қамтамасыз етуге бағытталған арнайы эшелон жолға шықты. Эшелон құрамы 70 вагонды құрады. Эшелонға бағалы лаборатория жабдықтары, гербарилер, карталардың коллекциялары, 50 мың томнан астам ғылыми және оқу әдебиеттері тиелді. Олар 1920 жылдың күзінде Ташкентке жеткізілді. Ал, 1920 жылдың күзінде Ташкент университеті мемлекеттік мәртебе иеленді [8].

Осы жылдың соңында Мәскеу мен Петроград қалаларында Ташкент халық университетінің филиалдары ашылды. Осылайша Ташкент кеңестік дәуіріндегі Орталық Азияның алғашқы білім-ғылым орталығына айналды. Бұл университет қабырғасында көптеген қазақ, өзбек және т.б. ұлттардың педагогтары, техника мамандары даярланып

шықты. Олар кейіннен одақтық республикалардың құрамында табысты еңбектер атқарғандығын ескерген жөн.

1919 жылдың жаз айларында азшылықты құрайтын ұлттардың ағарту бөлімі орыс емес халықтар арасындағы ағарту саласы қызметкерлерінің жиынын өткізді. Жиын қорытындысы бойынша азшылықты құрайтын ұлттардың ағарту бөлімі таратылып, оның орнына Ағарту халық комиссариаты жанынан азшылықты құрайтын ұлттар тілі бөлімі құрылады. Жаңа бөлім аз ұлттардың өзіндік мектептері, мектепке дейінгі даярлық және тағы да басқа дайындық курстары саласын жетекшілік етті. 1919 жылдың 26 желтоқсанында «РКФСР халқы арасында сауатсыздықты жою туралы» декрет шықты. Осы қаулылар мен декреттердің негізінде 20-шы жылдары жергілікті халыққа білім беру бөлімдерінің жанынан «сауатсыздықты» жою мақсатында төтенше комиссиялар құрыла бастады. Төтенше комиссияның атқаратын қызметтері түрлі бағытта жүрді. Орыс тілін білмейтіндерді тіркеу, педагог мамандарды даярлау, мектеп жұмыстарын ұйымдастыру, қажетті оқулықтарды шығарып, қамтамасыз ету сияқты маңызды міндеттерді атқарды.

1920-30 жылдары Өзбекстанның мәдени өмірінде үлкен өзгерістер болды. Құлатылған буржуазиялық режим жаңа социалистік қоғам құрудағы сенімсіз серіктес ретінде тәрбиелеген ескі зиялыларды қабылдамай, пролетариат диктатурасының мемлекеті өзінің жұмысшы-шаруа зиялыларын құра бастады. Бұл күрделі міндетті іске асырудың ең тиімді жолы жоғары және орта арнаулы оқу орындарында білімді және жоғары білікті мамандар даярланған өркениетті мемлекеттердің даму тәжірибесімен сыналған жол болды. Бірақ бұл халықаралық тәжірибеге пролетариат диктатурасының мемлекеті революциялық анархия мен қатаң таптық бағытқа түзетулер енгізді [9].

1918 жылдың тамызында 1917 жылдың қазанына дейін жоғары оқу орындарына қабылдау кезінде болған ұлттық және таптық шектеулер алынып тасталды және оларда пролетариат пен кедей шаруалардың өкілдерін кедергісіз қабылдауды қамтамасыз ететін жаңа ережелер белгіленді. Бұл ретте түсу емтихандары және жоғары оқу орнына түсу кезінде алған білімі туралы құжаттың міндетті ұсынылуы да жойылды. Осылайша, сапалы базалық білімі жоқ адамдарға жоғары білім алуға есік ашылды [10].

1919 жылы Өзбекстанда 8 мен 11 жас аралығындағы балаларға міндетті бастауыш білім беру құрылды [11]. Жаңа зайырлы мектептермен қатар халық арасында өте танымал діни мектептер де өмір сүре берді. Кеңес өкіметі органдарының мұсылман мектептеріне қатысты репрессиялық саясатына қарамастан, олар зайырлы мектептерге қарағанда жақсы қаржылық жағдайда болды. 20-шы жылдардың ортасынан бастап Кеңес өкіметінің діни мектептерге деген көзқарасы күрт теріс болды. Діни мектептердің ғимараттарын кеңес органдарына беру үрдісі күшейе түсті.

Ташкенттегі жетекші ұйымдарының барлық басшылары Өзбекстандағы білім беру мәселесін, сауатсыздықты жою проблемасын атап өтіп отырды. 1921 жылы 15 сәуірде Ташкенттегі Коммунистік Жастар Одағы Орталық комитетінің отырысында жастар комитеттерінің жанынан білімі жоқ азаматтармен жұмыс жөніндегі арнайы бөлім құру туралы шешім қабылданды [13]. Бұл шешім 1920 жылдың аяғында құрылған Өзбекстанның 45 облысының, қалаларының және болыстарында толығымен жүзеге асырылды. Бұл секциялардың негізгі мақсаттары мен бағыттары Ташкенттегі мәдениет, білім беру салаларын кеңестік режим саясатына бейімдеу, оларды белсенді жұмысшы табына біріктіру болды. Бұл әлеуметтік, экономикалық және саяси идеологиялардың ортақтығын қамтамасыз етті [14].

Кейде аймақтарда мектептер ашуды аймақ қорлары қаржыландырып отырды. Бірақ алғашқы жылдары жаңа мектептер ашу қорлардың кірістерінің азаюына және кірістердің болмауына байланысты қиын болды. Клубтар ашу ісі қолға алынды. Клубтар үшін арнайы оқу жоспарлары қажет болмағандықтан, олар газет-журналдармен немесе алфавиттік

үлестірмелермен жұмыс істей алды. Ол негізінен елдің шалғай аудандармен қатар Ташкент қаласында да көптеп ашылды [15].

Нәтижелер және оларды талқылау

Мақала барысында Ташкент қаласындағы ағарту мекемелерінің жұмысы, жалпы зайырлы білім беру жүйесін енгізу мәселелеріне қатысты жарық көрген еңбектер қатарында Иброхим Алимовтың «Ликвидация имущества фонда в Узбекистане (1917-1929 гг.)», В.В. Мирошниченконың «Основные этапы развития национального образования в советский период», Санобар Шодмонованың «История Туркестана в зеркале прессы», А.А. Хамидованың «Очерки по истории комсомола в Центральной Азии» атты жұмыстары пайдаланылды. Сонымен қатар мақалада құжаттардың да үлкен топтамасы қолданылды. Олардың қатарында «Культурное строительство в Казахстане. Сборник документов и материалов (1918-1932)», «Народное просвещение КазССР. Сборник документов и материалов (1917–1939)», «Собрание узаконений и распоряжений правительства за 1917-1918 гг. Управление делами Совнаркома СССР» атты құжаттар жинағы бар.

Мәселенің тарихнамалық талдану кезеңдерін революцияға дейінгі, кеңестік және посткеңестік деп үшке бөлуге болады. Революцияға дейінгі қарастырған авторлардың еңбектерінде арнайы теориялық тіркемелер болмады және фактілік тәсілге сүйенуімен айрықшаланады. Сонымен қатар, бұл кезеңдегі еңбектердің саны да айтарлықтай мол емес. Кеңестік тарихи мектептің өкілдері лениндік-маркстік кейіннен сталиндік теориялық көзқарастарға негіз бере отырып дамыды. Кеңестік кезеңде барлық тарихи мәселе бойынша социалистік идеологияның элементтері бетке шығып тұрды.

Кеңестік кезеңде Ташкенттің социализмге дейінгі ағартушылық ахуалының дамуына теріс бағалар берілді. Оның ішінде Ресей империясына дейінгі мұсылмандық білім беру мен патша үкіметінің білім беру ісінің кемшіліктері кіреді. Кеңестік тарихнамада 1917 жылға дейінгі Ташкенттің аймақтағы ағартушылық рөліне жалпылама баға берілді. Бір сөзбен сипаттағанда «қараңғылық» кезеңдегі ағартушылықтың шамы әлсіз жағылған қалалардың бірі ретінде пайымдалды. Ал, кеңестік кезеңге аяқ басқан Ташкенттің ағартушылық тарихы жергілікті кеңестік тарихнамада кең талқылауға ие болды. КСРО мемлекетінің білім саясатының жетістіктері мадақталды және ол алдыңғы тарихи кезеңдермен тығыз салыстырылды.

Кеңестік дәуірден соң туындаған посткеңестік тарихнамада ұлттық саналық ояну белгілерінің нышаны байқалды. Өзбекстандық, қазақстандық және шетелдік тарихшылар кеңестік тарихнаманың олқылықтарын түзетуге тырысты. Сонымен бірге, КСРО дәуірінде зардап шеккен Ташкент қаласының дәстүрлі білім ошақтары мен өкілдерінің тарихы терең зерттеле бастады. Бұл идеологиялық қана емес, тарихтағы теориялық қозғалыс ретінде жарыққа шықты. Посткеңестік тарихшылар Ташкент қаласының ортағасырлардан бастау алатын ағартушылық мәдени қабаттарына терең үңіле бастады. Әсіресе қаланың шығыстық және батыстық мәдени элементтерді бірдей қабылдай алатын қабілетіне ерекше тоқталады [16].

Қорытынды

XX ғасыр басында Ташкенттегі ағарту мекемелерінің зайырлы білім беру жүйесін енгізудегі қызметі жоғары болды. Жүргізілген жұмыстары зайырлы білім беру жүйесінің талаптарына сай орындалды. Ташкент тұрғындарына жаппай білім беру мәселесін шешудегі әрекеттері табысты жүрді. Ағарту мекемелерінің жұмысы сапалы білім беру мен тәрбиелілік бағыттағы міндеттерді де жүзеге асырды. Барлық ағарту саласының мекемелері білім алушылардың сауаттылығын арттыруға бағытталды. Ташкент қаласының Түркістан өлкесінің кейінгі Түркістан АКСР-ның орталығы болуы ағарту мекемелерінің жоғары талаптарға ұмтылуына үнемі серпін беріп отырды. Яғни, қалада орналасқан ағартушылықпен айналысушы мекемелер тұтас бір өлкенің кейіннен республиканың білім жауапкершіліктеріне жауап беруге қадамдар жасады.

Ташкент қаласындағы ағартушылық мекемелерінің тарихи даму бағытында екі ағымды көреміз: 1. Зайырлылық. 2. Дәстүрлі. Аталған екі бағыттың білім ошақтары ХХ ғасырдың бірінші жартысында бірдей жүзеге асты. 1920 жылдары қалада билік орнатқан кеңес үкіметі жоғарыда аталған екі ағартушылық бағыттың тең іске асуына қарсылық танытандығын байқатты. Бірақ, бұл саясат ақырын және тұрақты іске асты. Кеңес үкіметі зайырлылық ұстанымға негізделген ағартушылықтың кеңестік үлгісін қоғамға сіңіруге барынша күш жұмсады. Бұл саяси қадам ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан білім құндылықтарының тың өзгеріске ұшырауына әкеліп соқты.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1 Абдуллаев Й. Эски мактабда хат савод ўргатиш. – Тошкент: Ўрта ва олий мактаб, 1960. – 151 б.
- 2 Алимов И. Ликвидация имущества фонда в Узбекистане (1917-1929 гг.). – Ташкент. 2009. – 254 с.
- 3 Шодмонова С. История Туркестана в зеркале прессы (1980-1917). – Ташкент 2011. – 200 с.
- 4 Хамидова А.А. Очерки по истории комсомола в Центральной Азии. Ташкент, 1966. – 166 с.
- 5 Культурное строительство в Казахстане. Сборник документов и материалов (1918-1932). – Т1. – Алма-Ата, 1965. – 239 с.
- 6 Народное просвещение КазССР. Сборник документов и материалов (1917–1939). – Алма-Ата, 1957. – 237 с.
- 7 Мирошниченко В.В. Основные этапы развития национального образования в советский период // Актуальные задачи педагогики. – 2013. – 194 с.
- 8 Сумарокова О.Л. Туркестанская учительская семинария. Научное периодическое издание «Ceteris paribus». – 2015. – №2. – С. 19-21.
- 9 Халилова З.Э. История реформирования мусульманского образования в имперском Туркестане: проблемы подготовки национальных учебников и педагогики // Minbar. Islamic Studies. 2022. – Вып. 15. – № 3. – С. 653–670.
- 10 Лыкошин Н. Еще о книгах туземцев. // Туркестанские Ведомости. 1901 г. – С. 23-25.
- 11 Иноятов Х.П. Победа Советской власти в Туркестане. – М.: Мысль, 1978. – 363 с.
- 12 Закирова М.Х. Образ имперской России в просветительской политике Туркестанского края на рубеже XIX–XX вв. (на примере деятельности туркестанского отдела русского географического общества) // Россия и современный мир. – 2021. – №2. – С. 52-70.
- 13 Давыдов Г.К. О высших учебных заведениях в Ташкенте (Туркестанский политехникум) // Известия ТО РГО. –1917. – Т. 13. – Вып. 1. – С. 5–9.
- 14 Алимова Д. Жадидчилик феномени. – Тошкент: Академнашр, 2022. – 272 б.
- 15 Динашева Л.С., Жахангир Ю. XIX ғ. екінші жартысында Түркістан өлкесіндегі білім беру жүйесі (жегісу және сырдария облыстары материалдары бойынша) // Вестник государственного университета имени Шакарима города Семей. – 2017. Вып. 78. – № 2. – С. 57-62.
- 16 Котюкова Т.В. «Мусульманская школа и как с ней бороться»: имперский опыт в Туркестане в начале XX в. // ЭНОЖ «История». – 2014. –№ 4 (27). – С. 34-39.

ИСТОРИОГРАФИЯ СТАНОВЛЕНИЯ И ДЕЯТЕЛЬНОСТИ УЧРЕЖДЕНИЙ ПРОСВЕЩЕНИЯ Г. ТАШКЕНТА

Аннотация

В статье анализируются учреждения образования г. Ташкента и их функции. Целью исследования является анализ процесса становления и функционирования учреждений образования в г. Ташкенте в период формирования советской системы просвещения, выявление их функций и особенностей деятельности, а также определение роли Народного комиссариата просвещения в организации и развитии образовательной сферы с учётом социально-политических преобразований и трансформации традиционных форм обучения. Анализируется деятельность данных учреждений просвещения, включая научно-исследовательские работы и опубликованные фундаментальные труды. После Октябрьской революции в Ташкенте началось активное внедрение советской системы образования. Однако при ее формировании практически не учитывались интересы местного населения. Медресе, которые до этого выполняли важные образовательные функции, стали массово закрываться, поскольку они были ориентированы преимущественно на религиозное обучение. Одновременно прекратили существование и русско-исправительные школы. На их месте начали открываться учебные заведения нового типа, соответствующие светским принципам образования. Значительную роль в системной организации работы в этой сфере сыграл Народный комиссариат просвещения. Он не только

выстроил деятельность образовательных учреждений, но и создал условия для ее активного развития. Комиссариату удалось наладить тесное взаимодействие с комиссариатами различных направлений и направить их деятельность на решение общих задач. В результате активно велось строительство новых учебных корпусов, открытие школ-интернатов, обеспечение учебниками, а также материально-техническая поддержка школьных зданий. В заключении дается оценка историографии, посвященной изучению этих вопросов.

Ключевые слова: Комиссариат народного просвещения, школа, учебник, средства, учитель, Ташкент, Туркестанский край.

HISTORIOGRAPHY OF THE FORMATION AND ACTIVITY OF EDUCATIONAL INSTITUTIONS IN TASHKENT

Abstract

The article analyses the educational institutions of Tashkent and their positions. In addition, the work of these educational institutions, including research and fundamental publications, will be identified and analysed. The purpose of the study is to analyze the process of formation and functioning of educational institutions in Tashkent during the formation of the Soviet education system, identify their functions and activities, as well as determine the role of the People's Commissariat of Education in the organization and development of the educational sphere, taking into account socio-political transformations and the transformation of traditional forms of education. After the October Revolution, a secular education system began to be actively introduced in Tashkent. When introducing a secular education system, the interests and interests of the local nation were not taken into account. After all, the madrasah schools that had previously served began to close en masse. Such educational institutions were focused on religious education. Russian correctional schools also ceased to exist. Instead, schools of a new type began to open, corresponding to the secular education system. The newly created People's Commissariat of Education was of great importance for the systematic course of work in this direction. The People's Commissariat of Education not only shaped the work of educational institutions, but also created conditions for active activity. For this purpose, it was also possible to establish close ties with the commissariats of various directions and to focus their work on a single goal. As a result, work was actively underway on the construction of new academic buildings, the launch of boarding schools, the provision of textbooks, and logistical support for school buildings. An assessment of the historiography of the study of these issues is given.

Keywords: Commissariat of Public Education, school, textbook, tools, teacher, Tashkent, Turkestan region.

REFERENCES

- 1 Abdullaev İ. Eski maktabda hat savod ʻyrgatish. [Literacy training in the old school] – Taşkent.1960. 151 p. [in Uzbek]
- 2 Alimov I. Likvidaciya imushchestva fonda v Uzbekistane (1917-1929 gg.). [Liquidation of the fund's assets in Uzbekistan (1917-1929)] Taşkent. 2009. 254 p. [in Russian]
- 3 Şodmonova S. İstoriya Turkeстана v zerkale pressy (1980-1917). [History of Turkestan in the mirror of the press (1980-1917).] Taşkent 2011. 200 p. [in Russian]
- 4 Hamidova A.A. Ocherki po istorii komsomola v Tsentralnoi Azii. [Essays on the history of the Komsomol in Central Asia] Taşkent 1966. 166 p. [in Russian]
- 5 Kulturnoe stroitelstvo v Kazahstane. Sbornik dokumentov i materialov (1918-1932). [Cultural Development in Kazakhstan: A Collection of Documents and Materials (1918–1932)] T1. Alma-Ata, 1965. 239 p. [in Russian]
- 6 Narodnoe prosveshchenie KazSSR. Sbornik dokumentov i materialov (1917–1939). [Public Education of the Kazakh SSR. Collection of Documents and Materials] Alma-Ata, 1957. 237 p. [in Russian]
- 7 Miroşnichenko V.V. Osnovnye etapy razvitiya natsionalnogo obrazovaniya v sovetksii period [The main stages of development of national education in the Soviet period] // Aktualnye zadachi pedagogiki. 2013. 194 p. [in Russian]
- 8 Sumarokova O.L. Turkestanskaya uchitelskaya seminariya. [Turkestan Teachers' Seminary.] // Nauchnoe periodicheskoe izdanie «Ceteris paribus». 2015. №2. S. 19-21. [in Russian]
- 9 Halilova Z.E. İstoriya reformirovaniya musulmanskogo obrazovaniya v imperskom Turkeстане: problemy podgotovki natsionalnyh uchebnikov i pedagogiki. [The history of reforming Muslim education in imperial Turkestan: problems of preparing national textbooks and pedagogy] // Minbar. Islamic Studies. 2022. V. 15. № 3. S. 653–670. [in Russian]
- 10 Lykoşin N. Eşçe o knigah tuzemtsev. [More about native books] // Turkestanskije Vedomosti. 1901 g. P. 23-25. [in Russian]
- 11 İnoyatov H.P. Pobeda Sovetskoj vlasti v Turkeстане [Victory of Soviet power in Turkestan] Moscow, 1978. 363 s. [in Russian]

12 Zakirova M.H. *Obraz imperskoi Rossii v prosvetitel'skoi politike Turkestanskogo kraja na rubeje XIX–XX vv. (na primere deyatelnosti turkestanskogo otdela russkogo geograficheskogo obshchestva)*. [The Image of Imperial Russia in the Educational Policy of the Turkestan Region at the Turn of the 19th and 20th Centuries (Based on the Activities of the Turkestan Department of the Russian Geographical Society)] // *Rossiia i sovremennyi mir*. 2021. №2. P. 52-70. [in Russian]

13 Davydov G.K. *O vysshih uchebnykh zavedeniyah v Taškente (Turkestanskii politehnikum)* // *İzvestiya TO RGO*. 1917. T. 13. Vyp. 1. P. 5–9. [in Russian]

14 Alimova D. *Jadidchilik fenomeni*. [Jadidchilik phenomena] Taškent: Akademnaşr, 2022. 272 b. [in Uzbek]

15 Dinaşeva L.S., Jahangir, Yu. *НИИ ғ. екінші жартысында Түркістан өлкесіндегі білім беру жүйесі (jetisu jāne syrdariya oblystary materialdary boiynşa)* [The education system in the Turkestan region in the second half of the 19th century (based on materials from the Zhetysu and Syrdarya regions)] // *Vestnik gosudarstvennogo universiteta imeni Şakarima goroda Semei*. 2017. Vyp. 78. № 2 . P. 57-62. [in Kazakh]

16 Kotyukova T.V. «Musul'manskaya şkola i kak s nei borotsya»: imperskii opyt v Turkestane v nachale XX v. [“The Muslim School and How to Fight It”: The Imperial Experience in Turkestan at the Beginning of the Twentieth Century] // *ENOJ «İstoriya»*. 2014. № 4 (27). P. 34-39. [in Russian]

Information about authors:

Asylkhan Zholdas – **corresponding author**, PhD student of the International Kazakh-Turkish University named after Khoja Ahmet Yasawi, Turkestan, Republic of Kazakhstan

E-mail: asylkhan.zholdas@inbox.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0000-5522-3859>

Mustafa Giritlioglu – doctor PhD, International Kazakh-Turkish University named after Khoja Ahmet Yasawi, Turkestan, Republic of Kazakhstan

E-mail: Mustafa.giritli@ayu.edu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8205-8657>

Zhuldyz Turekulova – doctor PhD, associate professor of the Department of “Political” science, M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Republic of Kazakhstan

E-mail: turekulova74@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2461-2488>

Информация об авторах:

Жолдас Асылхан – **основной автор**, PhD докторант Международного казахско-турецкого университета имени Ходжи Ахмеда Ясави, г.Туркестан, Республика Казахстан

E-mail: asylkhan.zholdas@inbox.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0000-5522-3859>

Мустафа Гиритлиоглу – PhD, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, г. Туркестан, Республика Казахстан

E-mail: Mustafa.giritli@ayu.edu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8205-8657>

Жулдыз Турекүлова – PhD, доцент кафедры «Политология» Южно-Казахстанского университета имени М. Ауезова, г. Шымкент, Республика Казахстан

E-mail: turekulova74@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2461-2488>

Авторлар туралы ақпарат:

Асылхан Жолдас – **негізгі автор**, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік Университетінің PhD докторанты, Түркістан қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: asylkhan.zholdas@inbox.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0000-5522-3859>

Мустафа Гиритлиоглу – PhD, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік Университеті, Түркістан қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: Mustafa.giritli@ayu.edu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8205-8657>

Жулдыз Турекүлова – PhD, «Саясаттану» кафедрасының доценті, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: turekulova74@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2461-2488>